

*Жарылқа, Тәңір, қабыл ет,
Жарылқаудың қамын ет!
Бере гөр, мына халқыма
Ізет, абырой, бақ-дәулет!*

*Береке орнап, бақ қонсын,
Баянды болып нақ қонсын.
Талап қылса әрнеге
Тек жақсылық тап болсын!*

*Дастарқаның
тарылмасын,
Құт-берекең арылмасын!
Жарқылдап жүр
жұрт алдында,
Аяғың тасқа шалынбасын!*

Әумин!




*Жастығы өтсін гүлдей боп,
Төрт құбыласы бірдей боп.
Бере көрме оларға,
Жан төзгісіз бір бейнет!*

*Берекең ешбір қаппасын,
Беліңді ешкім баспасын,
Бақыт болса бастасын,
Мейманың, сірә, таспасын!*

*Жолдары болсын әманда,
Пайдасы тисін қоғамға.
Тәңірім өзі қолдаса,
Бақ қонады адамға!*





*Арманың барда
Шаршама,
талма*

Әніңді жалға



*Жүре бер,
тек, алға*

Көңілге алма

Өмір сынаса

*Жүре бер, тек
алға*

*Жасқанып
қалма*



*Айнала неге
жарқырап кетті
десем, сен келген
екенсің ғой!*

*Әр күнің
сәттілік пен
қуанышқа
толы
болсын!*

*Сенің барлық
армандарың
орындалады,
лайықсың!*

*Әлемнің
сегізінші
кереметі
сенсің!*

*Сен
өте-өте жақсы
адамсың!*

*Сенің
ақылың мен
тәрбиенің
мақтауға
тұрарлық!*

*Сенің
пікірің өте
құнды!*